



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ

---

**Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ өкілдігінің басшысы,  
Елші Аурелия Бушездің «Қазақстандағы денсаулық сақтау реформасы: ұлт  
денсаулығын сақтау» американдық сауда палатасының экономикалық саясат  
жөніндегі форумында сөз сөйлеуі**

*2013 жылғы 18 қазан, Астана*

Құрметті Вице-министр,  
Жоғары мәртебелі ханымдар мен мырзалар!

Осы маңызды Форумда Сіздермен көрісу мүмкіндігіне өте қуаныштымын. Мен өз ризашылығымды осы керемет бастаманың ұйымдастырушыларына айтқым келіп отыр.

Бүгін біз аса маңызды мәселелерді талқылағалы отырмыз, олардың тиімді шешіміне мемлекеттік мекемелер, сарапшылар және бизнес арасындағы тығыз ынтымақтастық арқылы қолжеткізуге болады. Сіздермен өзіміздің тәжірибемізбен және ЕО және Қазақстан арасында дамып келе жатқан ынтымақтастықпен бөлісу мүмкіндігін пайдаланғым келіп отыр.

Өзі құндылық бола отырып, денсаулық сонымен қатар экономикалық гүлдену үшін алғышарт болып табылады. Халық денсаулығы өнімділік, еңбек қорларының болуы, адами капитал және мемлекеттік шығыстар тарапынан экономикалық нәтижелерге ықпалын тигізеді.

«Әлемдік денсаулық сақтаудағы ЕО рөлі» Коммюникіне (2010 ж.) сәйкес ЕО құқықтарға негізделген денсаулық сақтаудағы әдісті ұстанады және денсаулық сақтау және денсаулық сақтау жүйелерін нығайту саласындағы ұлттық саясатты әзірлеу үшін елдерге қолдау көрсетеді. Бұдан басқа, ЕО гендерлік теңдік, су ресурстары және санитария, білім, тағам өнімі және қауіпсіздігі, тұрақты жұмыс және әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік секілді салаларда денсаулықтың негізгі детерминанттарын қарастыруын қамтамасыз ету мақсатында «барлық саяси шаралардағы денсаулық сақтау» әдісін жылжытады.

ЕО дамыту саласындағы ЕО саясаты бойынша «Өзгерістерге арналған күн тәртібі» коммюникінде денсаулық сақтауды қоса алғанда, адами дамуға 2014-2020 жылдарға арналған көмек бюджетінен 20% жоғары қаражат бөлуге міндетті. Бұдан басқа, 2013 жылғы Коммюникінде 2015 жылдан кейінгі мерзімге арналған әлемдік дамыту мақсаттары туралы барлығы үшін денсаулық сақтауды қоса өмірдің негізгі стандарттарын қамтамасыз ете отырып, кедейлікті жою және тұрақты даму үшін теңгерімді әдісті қамтамасыз ету ЕО ниеті туралы айтылады.

Бүгін біз тоқталып отырған негізгі шақыру – экономикалық өсімнің тоқтау нәтижесіндегі денсаулық сақтау жүйесіндегі дағдарыстың алдын алу. Бір жағынан, біз реформаларды жылжыту, аса кең ойлану, аса тыныш экономикалық климатта кіргізе алмайтын жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды кіргізу және дамыту үшін мүмкіндіктерді қолдануға тырысып отырмыз.

Осы жылы Еуропалық Комиссия «Денсаулық сақтауды инвестициялау» жұмыс бағдарламасын қабылдады. Бұл құжат «Өсу және бірігу үшін әлеуметтік инвестициялауға жол» Комиссия Коммюникесін толықтырады. Мұнда қысқаша үш негізгі принциптердің негізінде денсаулық сақтауға ақылды инвестициялар қажеттігі айтылады:

Аса ақылды тұтыну – бірақ міндетті түрде үлкен емес – денсаулық сақтаудың тұрақты жүйелеріне;

Денсаулықты насихаттайтын бағдарламалар арқылы халықтың денсаулық сақтауын инвестициялау;

Теңсіздікті қысқарту және қоғамнан шығару мәселелерін шешу тәсілі ретінде медициналық қамтамасыз етуді инвестициялау.

Инновациялар – денсаулық сақтау жүйелерінің болашағы үшін келешекті тағы бір негізгі элемент. Іс жүзінде, осындай инновациялар үшін үлкен әлеует бар және бизнес пациенттер үшін, денсаулық сақтау секторы үшін, медициналық қызметкерлер үшін және аса кең экономика үшін үлкен үлес қосуы тиіс.

## **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ СЕКТОРЫНДА ЕО ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Тұрғындар санына шаққанда ІВӨ есебінен табысы орташадан жоғары деңгейлі ел бола отырып, Қазақстан және оның азаматтары әлемдегі 30 астам дамыған елдер қатарына кірген елдің мақсатарына сай денсаулық сақтау жүйесіне лайық.

Қазақстанда тек қана қаржылық емес, сонымен қатар, адами қорлардың байлығы болғанымен, біздің ойымызша, «ноу-хау» тасымалдау, тәжірибе алмасу және медициналық қызмет көрсетуі жоғары дамыған жүйесі бар еуропалық елдердің тәжірибесін зерттеу Қазақстан үшін жеке реформалау стратегиясын әзірлеуде өте пайдалы болады.

Сондықтан, 2007 жылдан бастап ЕО Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіндегі реформаларды қолдауға бағытталған 8 жоба үшін шамамен 5 миллион еуро бөлді.

Мемлекеттік органдармен, ауруханалармен, университеттермен, халықаралық ұйымдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықта біз осы қаражаттардың көмегімен:

- ЕО мониторингінің тәуелсіз тобы өңірдегі ең жақсылардың бірі ретінде таңдаған, ВОЗ іске асырған жоба арқылы ана мен бала денсаулығын қорғау жүйесіндегі жақсаруды қолдадық. Ескерткіш тақтайшаны Денсаулық сақтау министрлігі, ЕО және ВОЗ 2011 жылы сәуір айында Ана мен бала республикалық ғылыми-зерттеу орталығында орнатты.

- Алматыдағы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орталығымен бірігіп іске асырылған жоба арқылы жұкпалы ауруларды бақылау жүйесін қолдадық.
- «Саламатты Қазақстан» ұлттық стратегиясын іске асыру үшін Денсаулық сақтау министрлігіне техникалық көмек көрсеттік.
- ВИЧ алдын алу, анықтау, реабилитациялау және емдеуін қамтамасыз ету үшін стратегиялар мен құралдарды қолдадық.

Бұл жобалардың көбі аяқталғанымен, біз жақында Қызылорда облысында денсаулық сақтау саласында Қазақстандағы өңірлік дамуды қолдау жөніндегі жұмысымыздың бөлігі ретінде кіші жоба бастауды жоспарлап отырмыз, оның жалпы бюджеті 17 миллион еуроны құрайды. Жалпы сомасы 349 мың еуродан астам бұл грант ВИЧ алдын алу, алғашқы көмек, ақпараттық кампания, денсаулық сақтау саласындағы өңірлік саясат секілді денсаулық сақтаумен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Менің ойымша, «Горизонт 2020» инновациялары жөніндегі ЕО басты бағдарламасы медициналық зерттеулер саласында ЕО және Қазақстан арасындағы ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктер әкеледі.

Осы бағдарламалар арқылы ЕО Қазақстан азаматтары үшін медициналық қызметтерді жақсартуға тұрақты және құнды үлес қоса алғанына сенімдіміз.

Қорытындылай келе, барлық мүдделі тұлғаларды, сарапшыларды және бизнес өкілдерін өздерінің «ноу-хау» және білімдерімен дәл бүгін алмасуға шақыруға рұқсат етіңіздер. Барлығымыз бірігіп Қазақстан халқы үшін медициналық қызмет көрсету жүйесін жақсартуға қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Назарларыңызға рахмет.